



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

№32 (1898) 28 ТАМЫЗ 2023 ЖЫЛ

Ата заң – алтын тұғырымыз

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әр мемлекеттің іргесі берік, тұғыры мықты болуы Конституциясына байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен өткен жылы 5 маусымда Конституциямызға заман талабына сай өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бүкілхалықтық референдум арқылы мемлекетіміздің саяси дамуының түбегейлі жаңа бағыты айқындалды. Бұл ретте 1995 жылғы Ата заңымыздың демократиялық қағидалары сақталды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жаңарған Конституциямызды «Жаңа Қазақстанды құру жолындағы маңызды белес» деп атап өтті.

Конституцияда белгіленген саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылым қағидалары әділетті қоғам мен қуатты мемлекеттің айнымас тұғырына айналды. Тәуелсіздігімізді айғақтайтын басты құжат арқылы егемен елімізде қоғамдық-саяси бірлік пен ынтымақ, келісім мен тұрақтылық қалыптасты. Бүгінде конституциялық реформаларды іске асыру, қоғамды демократия-



ландыру, адам құқықтарын қорғау мәселелеріне ғылыми көзқарас қалыптастыру маңызды. Бұл бағытта университетіміздің оқытушы-ғалымдары, құқықтық білім алып отырған жастары мен жалпы білім алушылар белсенділік танытады деп сенемін.

Мерейлі мерекеде сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, қоғам игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Еліміздің келешегі жарқын, тұғыры биік болсын!

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің Басқарма
Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Білімді жастар – Қазақстанның басты тірегі

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа ахуал білім беру және ғылым жүйесін түбегейлі реформалауды талап етіп отыр. Енді бұл саланың маңызы арта түсетіні анық. Тіпті экономиканың өзі соған тәуелді болмақ» деп атап өткен болатын. Озық білімді игеріп, инновациялық ғылымды меңгерген бәсекеге қабілетті жастар – жаңа Қазақстанның басты тірегі.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары оқу орындары арасында жоғары мектептің неғұрлым сұранысқа ие бағдарламаларын басым таңдауда көш бастап тұр. Университетте 2023-2024 оқу жылына 120-дан астам білім беру бағдарламалары жаңартылып, 40-қа жуық жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. Бакалавриат бойынша биыл мемлекеттік білім гранттары берудің конкурсының нә-



1 қыркүйек –
Білім күні

тижелері негізінде университетімізден 4090 адам жеңімпаз атанды. Мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері негізінен халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары. Оның ішінде 597 «Алтын белгі» иегерлері мен 267 үздік оқушы бар. Квота бойынша Қазақстан азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға 51 грант берілді. Биыл магистратураға түскендер саны – 1173. Ал докторантураға түскендер – 256. Ақылы оқуға 2000-нан астам талапкер құжат тапсырды.

Келісімшарт негізінде ақылы оқуға өтініш қабылдау әлі де жалғасуда. Болон үдерісі бойынша халықаралық грант негізінде бакалавриатқа 251 адам, магистратураға 23, докторантураға 7 адам қабылданды.

Көшбасшы университетімізді таңдаған талапкерлерге табыс тілеймін.

Ұлы ойшыл әл-Фараби «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт» деп тұжырым жасаған.

Қазақстанның кемел келешегі жолындағы ізденістеріңіз жемісті болсын. Жаңа оқу жылында жаңа табыстар тілеймін!

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Министр Баспасөз қызметімен танысты

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметімен танысты.

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры Қаншайым Байдәулет департамент құрамына кіретін Баспасөз қызметі басқармасының, «Farabi University» сайтының, «Farabi Media» телестудиясының, «Qazaq universiteti» газетінің, Ақпарат және мониторинг секторының жұмысына тоқталды.

Ректор Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасымен университеттің Бас-

пасөз қызметі қайта құрылып, заманауи үлгіде жасақталған. Жаңа телестудия құрылып, түсірілім бөлмесі, дыбыс жазу және монтаждау бөлмесі қажетті техникалармен жабдықталып, пайдаланылуға берілді.

Барлық бөлмелер мен дәлізге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, есік-терезелер, жылыту жүйелері ауыстырылды. Қабырғалары қайта сыланып, заманауи әрленді. Еден төсеніштері (ламинат) мен жарық беруші шамдар орнатылды. Электр көздері, интернет желілері қайта жүргізілді. Журналистер тиісті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жиһаздар жаңартылды.

Жалғасы 8-бетте



**Алаш арыстарының
аманатын арқалаған
қауіраткер**

3 >>



**Студенттер
жаңа
бағдарламамен
оқиды**

4 >>



**ҚазҰУ студенті
– халықаралық
байқау
жеңімпазы**

7 >>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Астана қаласында өткен «Адами капиталдың дамуы – ел экономикасы өсуінің негізі» атты жоғары білім және ғылым форумына қатысты.

Жоғары білім және ғылым форумы өтті



Жиынға Үкімет басшысы Әлихан Смайылов, премьер-министрдің орынбасары – еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова, ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ЖОО және ҒЗИ басшылары, жас ғалымдар, шетелдік және отандық сарапшылар қатысты.

Форум барысында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама жасап, 2023-2025 жылдарға арналған ғылымның жалпы бюджеті 3,5 есеге өсіп, 643 млрд теңгені құрағанын жеткізді.

«Мемлекет басшысының тап-

сырмасын іске асыру аясында ғалымдардың мәртебесін көтеру және кадрлық әлеуетті нығайту бойынша жұмыстар жүргізілді. Ғалымдардың жалғасы 2 есе өсті. Орташа – 257 мың теңге, ең жоғары – 1,5 млн теңге. Заңнаманы жетілдіру және ғылымды де бюрократизациялау шеңберінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңес құрылды, экономиканың стратегиялық салалары бойынша ғылыми-технологиялық дамудың салалық жол карталары қабылданды», – деді министр.

Ректор тіл білімі ғалымымен кездесті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев филология ғылымының докторы, профессор, филология факультетінің оқытушысы Берікбай Сағындықұлын қабылдап, қазақ тілінің өзекті мәселелерін талқылады.

Жүздесуде Берікбай Сағындықұлы университет ректорына соңғы атқарған жұмыстары мен еңбектері туралы ақпарат берді. Бүгінде профессор «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы және лексикографиясы» атты еңбегін жазып шыққан.

Қазіргі таңда «Құтадғу білік» поэмасын қазақ тіліне аудару үстінде.

Айта кетейік, Берікбай Сағындықұлы – орта ғасырлардағы ескерткіштердің мәтіндерін терең меңгеріп, теориялық зерттеулер жүргізген ғалым. Іргелі зерттеулерінің нәтижесінде ғылыми қауымдастыққа пайдалы ірі жаңалықтар ашып, ортағасырлық жазба мұраларды, тіл тарихын жан-жақты зерттеудің тұтас әдіснамалық негізін қалыптастырды.

Кездесу барысында ҚазҰУ басшысы Жансейіт Қансейітұлы қазақ тіл білімі саласындағы Берікбай Сағындықұлының еңбегін жоғары бағалап, алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Білім беру мазмұны жаңартылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Алматы қаласының тұрғындарымен кездесті. Сала басшысы өз сөзінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларына тоқталды.

Қазіргі уақытта республикада жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім кадрларын даярлаумен 119 жоғары оқу орны (54 мемлекеттік, 65 жекеменшік) айналысады. Жоғары білім беру мазмұнын жаңарту аясында 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша білім беру бағдарламаларының 71 пайызы жаңартылды. 70-тен астам жоғары оқу орындарының базасында «Күміс универси-



теттер» құрылды. Екі жоғары оқу орны зерттеу университеті мәртебесін алды. Студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында биыл шәкіртақы 20 пайызға өсті. Шетелдік жетекші төрт университеттің филиалы ашылды. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселелері жүйелі түрде шешілуде. Жоғары білімді интернационалдандыру аясында 21 қазақстандық университет QS WUR рейтингіне, 6 университет Times Higher Education жүйесіне енді.

Орталық Азия кеңістігінің жоғары білім берудегі альянсы құрылды, қазақстандық университеттердің шетелде екі филиалы жұмыс істейді.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.

Негізгі баяндамадан кейін министр салада қордаланған түрлі мәселелер бойынша тұрғындардың сауалдарына жауап берді.

Студенттер жатақханасыз қалмайды



тары заманға сай білім алу үшін Қазақ ұлттық университетін таңдайды. Сондықтан оқуға түсуші жастарды жатақханамен қамтамасыз ету өте маңызды. Оқу ордасындағы жатақханаларды аралай отырып, ҚазҰУ ағымдағы оқу жылына дайын екенін көрдік.

Алдағы уақытта ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру мақсатында университетте 12 мың төсек-орынға арналған жатақханалар бой көтеретінін естіп, қуанып отырмыз. Бұл үлкен бастама», – деді депутат Ирина Смирнова.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ирина Смирнова мен қоғам қайраткері Гүлнар Омарова арнайы келді.

Қонақтар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, ғылым-білім саласы бойынша пікір алмасып, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

Содан кейін қонақтар ҚазҰУ қалашығында орналасқан жатақханалар мен соңғы үлгідегі күрделі жөндеуден өткен оқуғимараттары мен жаңарған аудиторияларды аралап көрді.

«ҚазҰУ еліміздегі іргелі, көшбасшы оқу орны ретінде әлемге танымал. Еліміздің және шетелдің көптеген жас-

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қалашықтағы жатақханаларды аралап, жаңа оқу жылына дайындығын тексерді.

Бүгінде оқу ордасында 5938 орындық 14 жатақхана және Жас ғалымдар үйі бар.

Барлық жатақханаға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда жөндеуден кейінгі тазалау жұмыстары аяқталып, төсек-орын жабдықтары беріле бастады. Жөндеу кезінде жатақханалардың барлық бөлмелері мен дәліздері сырланып, ағартылды. Бірінші қабат қасбеті боялып, кіреберісі де әрленді. Сонымен қатар №14 және №6 жатақханаларда линолеум ауыстырылды. №6 жатақханада

Жатақханалардың жай-күйін тексерді



санитарлық-техникалық жабдықтар жаңартылды. Бұдан бөлек, барлық жатақханаларда душ жөндеу, электр, жылу жүйесін тексеру сынды жұмыстар атқарылды.

Жатақхана дайындығын тексерген университет басшысы Жансейіт Түймебаев

жауапты мамандарға бірінші курс студенттерін толық жатақханамен қамтамасыз етуді және әрбір білім алушы жастардың студенттер үйіндегі қауіпсіздігін жіті назарда ұстауды тапсырды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Алаш арыстарының аманатын арқалаған қайраткер

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті қаламгер, мәдениеттанушы ғалым, дипломат, филология ғылымының докторы, профессор Мұрат Мұхтарұлы Әуез 80 жасқа толып отыр.

Мұрат Мұхтарұлы бұл белеске өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қаламгер, мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ғалым, ұлт руханиятының дамуына елеулі үлес қосқан ел зиялысы ретінде абыроймен көтерілді.

Халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің өнегелі перзенті ретінде ұлтқа қызмет ету жолында адалдық туын биік ұстап келе жатқан зерделі тұлға. Әке мұратын жалғастырған қайраткер «Ұлының ұлы болу – үлкен жауапкершілік» деген қағидасынан ешқашан айныған емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы туралы: «Мұхтар Әуезов – әлем әдебиетінің шыңна көтерілген қаламгер. Мұхтар Әуезов Абайды, Абай арқылы қазақты бүкіл әлемге танытты. Ұлы ойшылдың көркем бейнесін сомдап, оның асыл мұрасын адамзаттың ортақ қазынасына қосты. Төл әдебиетімізді жаңа белеске көтерді. Жазушының әр туындысы жұртымыздың жүргінен өшпес орын алды», – деген болатын.

Ұрпақ сабақтастығын жалғап, әке жаққан шырақтың отын сөндірмей, бүгінгі ұлт зиялысына айналған Мұрат Мұхтарұлының есімі қазақ халқына ғана емес, барша түркі дүниесі мен ислам әлеміне етене таныс.

Мұрат Мұхтарұлы Әуез 1943 жылы 1 қаңтарда Жамбыл облысының Меркі кентінде дүниеге келген.

Әке өнегесін көріп, әдебиет әлеміне жақын болып өскен Мұрат Мұхтарұлы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің «Қытай филологиясы» мамандығы бойынша Шығыс тілдері институтын үздік бітірді.

Сондай-ақ КСРО Ғылым академиясының Әлем әдебиеті

институтында әдебиет теориясы бойынша филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Мәскеуде оқып жүрген кезеңде Мұрат Әуез интеллектуал қазақ жастарының басын қосқан «Жас тұлпар» қозғалысының белді мүшесі, жетекшілерінің бірі болды.

Семей ядролық полигонын жабу жөнінде бастама көтерген «Невада – Семей» қозғалысына атсалысып, елдік мәселелерге атсалысты.

Мұрат Әуез еңбек жолын 1970-1976 жылдары Философия және құқық институтындағы эстетика тобына жетекшілік етуден бастады. Біліктілігінің арқасында Мұрат Мұхтарұлы 1981-1987 жылдар аралығында «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор болып қызмет атқарды.

1988 жылдан бастап, 1990 жылға дейін Қазақстан жазушылар одағының көркем аударма және әдеби өзара байланыстар жөніндегі алқарысын басқарды. 1990 жылдардың соңында Мұрат Әуез Қазақстандағы «Мир» телерадиокомпаниясының көркемдік жетекшісі болып еңбек етті. Сол жылы Мұрат Мұхтарұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты болып сайланып, онда кеңес президиумының мүшесі, парламентаралық байланыстар жөніндегі комитеттің төрағасы болып, егемен еліміздің өзге мемлекеттермен сыртқы байланысын нығайтуда сүбелі үлес қосты. 1992 жылдың желтоқсан айында Мұрат Әуез тәуелсіз



Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы тұңғыш төтенше және өкілетті елшісі қызметіне тағайындалды.

Ұлттық дипломатияның дамуына үлес қосып, екі ел арасындағы байланыстарды жаңа бағытта іске асыруға күш салды. Қытай астанасы Бейжіңде Қазақстанның көк байрағын желбіретіп, тұңғыш елшілік ғимаратының іргетасын қалады. Ұлы көршімізбен саяси-экономикалық қарым-қатынастарды жақсартып, рухани, мәдени жобаларды іске асырды.

Қазақ қаламгерлері мен мәдениет, өнер майталмандарын миллиардтар еліне насихаттап, «Абай жолы» романын қытай тіліне аудартып, жарыққа шығарды.

Одан кейінгі жылдары елге оралып, Алматы облысы әкімшілігінің Ақпарат және қоғамдық келісім департаментін басқарып, «Сорос-Қазақстан» қорының президенті болды.

Ғалым ретінде Қазақстан бойынша археологиялық экспедициялар ұйымдастырып, ұлттық кинематографияда «жаңа толқынның» қалыптасуына ықпал жасады.

Мұрат Әуез халқымыздың рухани мәдениетін дамытуға, Орталық Азия халықтарының тарихи-мәдени құндылықта-

рын зерделеу мен насихаттауға өлшеусіз үлес қосты. «Сорос-Қазақстан» қорының басшысы ретінде білім беру, мәдениет және қоғамды демократияландыру саласындағы бірқатар маңызды орталықазиялық жобаларға бастамашы болып, жүзеге асырды. Қазақ әдебиеті мен Қазақстанның жас шығармашылық күштерінің дамуына да аянбай еңбек етті. Қор жұмысы арқылы елімізбен қатар, шет мемлекеттердегі қандастарымыздың әлеуметтік-мәдени даму үдерісіне үлкен үлес қосып, түрлі мәдени экспедициялар ұйымдастырды. Қордағы тәжірибесі мен рухани бастамаларын кейін мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы жобаларды іске асыруға жұмсайды. Осы кезеңде Мұрат Әуездің бастамасымен «Жібек жолы бойындағы сұхбаттар» тұрақты семинары дүниеге келеді.

2003-2006 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының бас директоры болып абыройлы қызмет атқарды. Бұл кезеңде Ұлттық кітапхана Алматы қаласының ғана емес, республикамыздың ірі мәдени-рухани диалог орнататын алаңына, зиялылар бас қосатын үлкен интеллектуалдық орталыққа айналып,

халықаралық байланыстарын күшейтті.

Мұрат Мұхтарұлы қоғамдық, саяси қызметтерде жүрсе де, әдеби шығармашылықтан қол үзбеді. Көркем әдебиеттегі тұңғыш еңбегі – «Времен связующая нить» деп аталатын кітабы 1972 жылы жарыққа шығып, қалың оқырманға жол тартты. Жазушының қаламынан туған «Иппокрена. Хождене к колодцам времен» атты жинағы оқырманның жоғары бағасын алды. «Ділім», «Үлкен жол», «Гүл іспеттес жол» т.б. авторлық деректі фильмдері арқылы қоғамдық мәселелерді қозғап, адами құндылықтар мен руханият мәселелерін көтерді. Кейін бұл деректі фильмдер кітап болып басылып шықты.

Атқарған қызметтері және ғылыми еңбектері мемлекет және қоғам тарапынан жоғары бағаланып, Мұрат Мұхтарұлы тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын иеленіп, бірнеше халықаралық шығармашылық одақтар мен академиялардың мүшесі атанды.

Мұрат Мұхтарұлы естеліктерінде өзіндік мақтан ететін сапалық қасиеттерін әкесінің тікелей өсерімен байланыстырады. Әкесінің үлкен тәрбиеші бола білгенін, әсіресе мамандық таңдауда дұрыс бағытбағдар бергенін айтады. «Әке – балаға сыншы» демекші, заман талабын, уақыт тынысын тамыршыдай дөп басқан ұлы Мұхаң төл перзентінің бойынан неге бейім екенін бала күнінен сезсе керек. Бүгінде Мұрат Мұхтарұлы кемел жасқа келді. Дипломат ретінде геосаяси ахуалды жақсы біледі. Ел ағасы ретінде жаһандану жағдайын оңтайлы пайдалана білуіміз керектігін айтып отырады.

Алаш арыстарының аманатын арқалаған ұлт абызының рухани қайраткерлік жолы ұлтымыз үшін зор мақтанаш. Ел мен жерге деген шексіз махаббатымен елді бірлікке, ынтымаққа шақырып, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсете береді деп сенемін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Иордания астанасы Амман қаласында өткен 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы әлем чемпионатында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің медицина және денсаулық сақтау факультетінің 2-курс студенті Дініслам Сағитжан грек-рим күресінен қола жүлдегер атанды. Ол 63 келі салмақта сайысқа түсіп, ерекше шеберлігін көрсетті.

– Дініслам, жеңісіңізбен құттықтаймыз!

– Рақмет! Маған қолдау білдіргендердің бәріне алғысымды білдіргім келеді. Қазағымның туын көкте желбіреткенге еш дүниені айырбастамас едім. Мұндай сезім екінің бірінің ба-

Дініслам САҒИТЖАН, Әлем чемпионатының қола жүлдегері:

Бұл – жеңістің бастамасы ғана

ғына жазылмаған деп есептеймін. Міне, сол бақ құсы менің басыма қонғандай болды.

– Өзіңіз туралы айта кетсеңіз.

– Ақтөбе облысы Шалқар қаласының тумасымын.

– Байқау додасына қалай келдіңіз? Шақырту алдыңыз ба? Ұсыныс білдірді ме?

– Биыл Талдықорғандағы чемпионатта ұтып, Әлем чемпионатына жолдама алдым. Міне, осылайша жарысқа түстім. Бұл күрес менің бала күнгі арманым еді. Арманыма жеттім. Бұл – тек бастамасы.

– Байқауға дайындық қанша уақытқа созылды? Дайындық барысы қалай өтті?

– Шымкентте «Алма тау» базасында оқу-жаттығу жиыны


өтті. Бір ай көлемінде жаттықтық. Дайындық өте жақсы болды. Аға бапкерім Қонысбек Түкенов – грек-рим күресі бойынша еңбек сіңіріп жүрген спортшыларымыздың бірі. Ол Қазақстан Республикасының грек-рим күресінен спорт шебері, жастар арасында Қазақстанның екі дүркін чемпионы болды. Белгілі бапкер адамның жігерін жанып, намысын қайрайтын сөздерімен жаттығуда бізді жігерлендіріп отырады. «Спорт ұрпақтың саулығы үшін керек. Спорт – елін, жерін сүйетін нағыз азаматтарды тәрбиелеудің тиімді жолы» деген сияқты сөздері арқылы бізді үнемі қайрап отырды. Көбіне осында жаттығу жасап дайындалдық. Ол бүгінде жас-

тар арасында Қазақстан Республикасы құрамасының аға бапкері, сондай-ақ грек-рим күресінен ересектер арасында облыстың аға жаттықтырушысы. Жаттықтырушы – менің спорттағы әкем. Жеке жаттықтырушы – Ерлан Мырзағұлов ағайыма алғысымды білдіргім келеді.

– Болашақтағы арман-мақсаттарыңыз туралы бір ауыз айтып өтсеңіз.

– Менің басты мақсатым әрі міндетім – сабағымды оқу. Оқу мен спортты қатар алып жүре алатыным сенемін.

– Алдағы уақытта өз мамандығыңыз бойынша жұмыс істейсіз бе? Әлде спорт жолын таңдауыңыз мүмкін бе?



– Бірден айтайын, мамандығымды өзім таңдап, оқуға түстім. Мамандығым өзіме ұнайды, бастысы – осы. Сол себептен мамандығым бойынша оқуымды жалғастырамын, сәйкесінше осы салада жұмыс істеу ойымда бар.

Бағдат СҰЛТАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында Қазақстанда 1 қыркүйектен бастап ай сайынғы мемлекеттік шәкіртақы мөлшері өседі. Атап айтқанда, бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20%-ға, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 15%-ға, ТЖКБ студенттерінің шәкіртақысы 50%-ға арттырылады. ҚР Премьер-министрі Әлихан Смаилов Үкіметтің тиісті қаулысына қол қойды.

Мемлекеттік шәкіртақы мөлшері өседі



Қаулыда белгіленген шәкіртақы мөлшері төмендегідей:

- докторанттарға (оның ішінде «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша) – 217 500 теңге;
- даярлаудың «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша резидент-дәрігерлерге және магистранттарға – 111 579 теңге;
- магистранттарға – 97 024 теңге;
- интерндерге – 75 890 теңге;

- жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында даярлаудың педагогикалық және «Денсаулық сақтау» бағыттары бойынша білім алатын студенттерді қоспағанда, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге – 31 422 теңге.

асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын студенттерге – 41 898 теңге;

- техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттерге – 32 681 теңге;
- техникалық және кәсіптік (орта буын мамандарын даярлауды көздейтін), орта білімнен кейінгі білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге – 31 422 теңге.

Қаулы 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының жолдауын іске асыру аясында келесі айдан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерінің жалақысы 30%-ға өсетін болады.

Студенттер жаңа бағдарламамен оқиды

Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық комиссия өз жұмысын аяқтады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 2023/24 оқу жылы орта мектепті бітірген 4090 талапкер мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері атанып, биыл университетіміздің табылдырығын аттайды.



Жоғары оқу орнының есігін енді ашып жатқан студенттерге жаңа оқу бағдарламалары ұсынылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2023/24 оқу жылына 30-дан астам жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді.

Мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері негізінен халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оның ішінде 597 «Алтын белгі» иегерлері мен 267 үздік оқушы бар. Бұлар енді республиканың үздік оқу орнында білім алып, таңдаған мамандықтарын алып шығатын болады.

Жоғары оқу орнының есігін енді ашып жатқан студенттерге жаңа оқу бағдарламалары ұсынылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2023/24 оқу жылына 30-дан астам жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені. Оның ішінде бакалавриатта жалпы саны 11 білім беру бағдарламасы

жаңартылды. Жаңа білім беру бағдарламалары: «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Денсаулық сақтау», «Жаратылыстану, математика және статистика», «Машина жасау, өңдеу және құрылыс салалары», «Педагогикалық ғылымдар» білім беру бағыттары бойынша жаңартылды. Атап айтқанда: ядролық инженерия, тарих, әлеуметтік педагогика, тәлімгерлік дағдылары бар академиялық мейіргер ісі, медицина, қолданбалы математика, тарих және шетел тілін меңгеру, зоология, жал-

пы медицина интернатұрасы, цифрлық медиадағы драматургия және стоматология бойынша бакалавриат бағдарламалары жасалды.

Магистратура бойынша – Іскерлік әкімшілендіру (Swiss-Sasem), Қолданбалы физика және электр инженериясы, Деректер туралы ғылым, Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету, Әлеуметтік педагогика, Журналистика (1 ж.), Цифрлық қазақ тілі, Филологиялық сараптама, Репродуктивті генетика, Экологиялық биоинженерия, Микробиология, Зоология, Этножурналистика, Заманауи шығыстану (Ғылым ордасы), ересектердің және балалардың неврологиясы, Радиология, ересектердің және балалардың урологиясы мен андрологиясы, Жалпы хирургия, Ересектердің және балалардың акушериясы мен гинекологиясы сияқты 19 білім беру бағдарламасы ашылды. Сондай-ақ докторантура бойынша – Деректер туралы ғылым, Кадастр, Экологиялық биоинженерия, Әлеуметтік педагогика, Микробиология жөнінде бес білім беру бағдарламасы ашылды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі

Тоғыз ай бойы білім мен біліктің майданында ҰБТ-ға қарқынды түрде дайындалып, осы бір маңызды майдан алаңында мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік оза шапқан 1-2 шығармашылық топ тыңдаушылары денешынықтыру мұғалімдерін даярлау мен музыка мұғалімдерін даярлау және дизайнер мамандықтарының грант иегерлері атанып отыр.

Еске сала кетсек, өткен жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасына мемлекеттік грантқа әр елден 176 тыңдаушы оқуға қабылданды. Әсіресе Иран, ҚХР, Ресей, Сауд Арабиясы, Түркия, тағы басқа алыс және жақын шетелдерден келген қаңдастар тіл білмей келіп, небәрі сегіз айдың ішінде білікті мамандардың үздіксіз берген сапалы білімінің

нәтижесінде ҰБТ-да жоғары балл жинауға қол жеткізді. Білім мен біліктің нәтижесін көретін бұл күннің ұстаздар үшін де, талапкерлер үшін де әрқашан маңызы жоғары.

Биыл 1-2 топқа 15 тыңдаушы келген еді. Үш тыңдаушы жеке басының және отбасылық мәселеге байланысты оқу жылының соңында ҰБТ-дан өз еріктерімен бас тартты. Ал қалған 12 тыңдаушы түгел дерлік ҰБТ-дан жоғары нәтижеге қол жеткізіп, шығармашылық емтиханнан жоғары балл алып, өздері

армандаған мамандықтарына түсіп, бүгінде студент атанды. Айқын мақсат пен нық қадамдар жасауда армандар мекені, бұл – Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы.

Студент атанған тыңдаушыларымызды құттықтаймыз!

Олар: Исламбек Мергенхан, Ақжол Хашуан, Аяла Бердіхан, Жандос Бердімұрат, Ермұра Ердаулет, Тілеген Шопан, Саят Бүрлен, Береке Қасымхан, Алиреза Қазақ, Жалын Маданибек, Еркінхан Әбдіғазы, Бердіасыл Жанболат.

Тыңдаушыларымыз өз ісінің білімді де білікті маманы атануына тілектеспіз! Осы орайда, өз ісін жетік білетін, үнемі ізденісте жүретін білікті ұстаз, ел болашағының тізгінін ұстайтын жастарды білім нәрімен сусындатқан 1-2 топ тыңдаушыларына сабақ берген пән мұғалімдеріне алғыс білдіреміз.

Гүлнәзира МУЖИГОВА, Сандуғаш НҰРТИЛЕУОВА, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 24 магистранты мен екі докторанты Франция Республикасының Еуропа және сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп демеушілік ететін «Абай-Верн» бағдарламасы шеңберінде Францияның жетекші жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Магистранттар мен докторанттар Францияда білім алады

Бағдарлама жыл сайын француз немесе ағылшын тілдерінде магистратура және докторантура деңгейлерінде оқуға стипендия тағайындайды.

Биыл бағдарлама шеңберінде Қазақстанға 2-ші оқу жылының магистранттары үшін 30 стипендия, бірлескен ғылыми жетекшілікпен диссертация дайындауды жүзеге асыратын докторанттар үшін 5 стипендия бөлінген. Сондай-ақ аталған бағдарлама аясында білім алушылар үшін мамандық таңдауда шектеу жоқ.

24 магистратура және PhD дәрежесін алу үшін екі шәкірт-



ақыны ҚазҰУ магистранттары мен докторанттары жеңіп алды. Олар 2023 жылдың қыркүйегі мен 2024 жылдың маусымы аралығында Лотарингия, Реймс Шампань-Арден, Париж-Сакле және Лион университеттерінде тегін білімдерін шыңдап, ай сайын 800 евро көлемінде стипендия алатын болады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Дамудың стратегиялық төлқұжаты

30 тамыз – еліміз үшін ең киелі, қастерлі күн, Конституция күні!

Конституция – еліміздің өсіп-өркендеп, дамуына тікелей ықпал етіп, ұлтымыздың құндылығы мен мемлекетіміздің тұрақтылығын нығайтудың, халықтың әл-ауқатын жақсартып, демократияны дамытудың негізгі қайнар көзі, саяси-құқықтық төлқұжаты.



Кез келген мемлекеттің қалыптасуында бұлжымайтын қағидат – заңдылық қағидаты, заңдылық сақталған мемлекетте тұрақты түрде орнықты даму болады. Ал заңдылық пен тәртіп сақталмайтын мемлекеттің ертеңі қашанда бұлыңғыр. Ұлан-ғайыр қазақ даласында ықылым заманнан дала және билер заңының сақталуы қазақ билігінің өміршеңдігін көрсетсе, ал бүгінгі ұрпақ, яғни жаһандық өзгеріске ұшырап жатқан біздің ғасырда тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен оның конституциялық қағидаттарды берік ұстануы дамудың бірден-бір кепіліне айналып келеді. Біз тәуелсіздік алғаннан сол аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасқан әлеуметті елге айналдық. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегелеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік. Тағдыр тоғыстырған, тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері Конституция қағидаттары төңірегіне топтасты. Еуразияның жүрегіне орналасқан елордамыз әлемге руханияттың ірі орталығы, саясаттың іргелі ордасы ретінде танылды.

Конституцияда адам және

азаматтың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және Қазақстанда азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Конституцияның 1-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Ал оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» делінген. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға мүмкіндік береді.

Конституция еліміздің мызғымас бірлігі, ынтымағы мен алтын тірегі болып еліміздің өркендеуіне зор ықпал етеді. Қазіргі уақыттағы бірлігі жарасқан Қазақстан әлемдік аренада өзіндік жеке-дара орнын қалыптастырып, әлем елдері үлгі алатындай мықты дәрежеге жетті. Бұл Ата заңымыздың адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игі-

ліктің бәрін бойына қамтығандығының арқасы.

Әлемнің көш бастап тұрған елдері табысты дамудың екі жолын ұсынады. Ол – біріншіден, серпінді экономика және жаңғыру, екіншіден, тұрақты конституциялық жүйе және орнықты мемлекет. Орнықты дамуды стратегиялық тұрғыда қалайтын Қазақстанның алдыға қойған жаһандық мақсаты – 2050 жылға дейінгі кезеңге әзірленген стратегиялық бағдарлама негізінде Қазақстанды әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің біріне айналдыру.

Біздің қазіргі хәм өмір бойғы басты міндетіміз – Қазақстан тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану. Ата заңымыз – Конституцияны құрметтеп қорғау, ал оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау – республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Мәңгілік еліміздің тұғыры биік, келешегі жарқын болсын! Конституция күні баршамыз үшін құтты болсын!

Ләззат ЕРКІНБАЕВА,
академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі
– проректор

Конституция күніне арналған конференция

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының Конституциясы – жаңа Қазақстан дамуының құқықтық негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Шара Қазақстан Республикасының Конституциялық соты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Алматы қалалық сотының ұйытқы болуымен ұйымдастырылды. Конференцияның мақсаты конституциялық реформаларды жүргізу, қазақстандық қоғамды демократияландыру, адам және азамат құқықтарын қорғау контекстіндегі қазіргі саяси-құқықтық, экономикалық және мәдени процестерге қатысты ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне арналған пәнаралық диалог пен еркін пікір алмасуға арналды. Жиынға Парламент, Үкімет, Конституциялық сот сынды ҚР мемлекеттік билік

органдарынан, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, халықаралық сарапшылар мен еліміздің жетекші ғалымдары және азаматтық қоғам өкілдері қатысты.

Шараның ашылуында ҚазҰУ ректорының кеңесшісі, з.ғ.д., профессор Еркін Дүйсенов өз сөзінде: «Конституция – бұл басты заң. Мұнда еліміздің өркендеу жолындағы негізгі идеялар мен адам бостандығы және оның құқықтары бекітілген. Әр адам еліміздің басты заңын оқып, құрметтеуі тиіс. Былтыр өткен референдумда Негізгі заңға елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Олардың барлығы демо-

кратияны дамытуға бағытталған», – деп атап өтті.

Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Әзімова Қазақстан Республикасының Негізгі заңы басты адами құндылықтарды бекіткенін атап, оның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, нарықтық экономика, демократиялық дәстүрлер мен құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам принциптерін ұстану қажеттігіне тоқталды.

Шара соңында заң факультетінің оқытушыларына құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды.

Светлана ӨМІРФАЛИЕВА

Мемлекетіміз тәуелсіздігін бекіткен уақыттан бергі аралықта – 33 жыл ішінде тәуелсіз Қазақстанның екі Конституциясы қабылданды. Алғашқы Конституциямыз 1993 жылы 28 қаңтарда, қазіргі қолданыстағы Ата заңымыз 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған болатын.

Конституция ел іргесінің негізін қалады

1993 жылы 28 қаңтарда, кейінгі 1995 жылғы 30 тамызда – республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының конституциялары тәуелсіз мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан маңызды құжаттар болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы және қолданыстағы Конституциялары Қазақстанның конституциялық құрылысының негіздерін қалады, мемлекеттік механизмін, қоғамдық және саяси институттардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі түбегейлі қағидаларын айқындады.

1995 жылғы Конституция дамудың объективтік және субъективтік факторларына сәйкес еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өмірінде орын алған өзгерістерге, 1993 жылғы Конституцияның кемшіліктеріне байланысты осы Конституциямен шешілмеген проблемалардың болуына орай қабылданған еді. Бұлар жинақтала келе Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясының жобасын дайындау жұмыстарын жеделдетті. 1995 жылғы Конституцияның жобасы бойынша Президент жанынан сараптық-консультативтік кеңес құрылып, жаңа Конституцияның жобасын жасау жұмысына қазақстандық және шетелдік белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері тартылды. Атап айтсақ, белгілі заңгерлер – академиктер Ф.С. Сапарғалиев, М.К. Сүлейменов. Сонымен қатар, заң ғылымдарының докторлары, профессорлар – В.А.Ким, Б.А. Мұхамеджанов, Е.К. Нұрпейісов, Н.А. Шайкенов, ресейлік ғалым С.С. Алексеев, Францияның мемлекеттік қайраткерлері Жак Аттали мен Ролан Дюма т.б. Республиканың жаңа Конституциясының жобасы жасалып жоба бүкілхалықтық талқылауға шығарылды, қоғам мүшелері тарапынан кеңінен талқыланды. Конституция жобасын талқылауға 3 миллионнан астам азамат қатысып, өз пікірлерін, көзқарастарын білдірді. Талқылау қорытындысы бойынша жаңа Конституцияның жобасына, нақты айтсақ оның елу бес бабына 1100 өзгертулер енгізіліп, бірқатар жаңа баптар пайда болды.

Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес, 1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Конституция жобасын республикалық референдумға шығару туралы мұндай шешім Қазақстан халқы Ассамблеясының екінші сессиясының ұсынысы-шешімі бойынша қабылданған еді. Қазақстан халқы 1995 жылы 30 тамызда

тисті Конституцияны қабылдай отырып өзінің мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындығын жариялады, өзінің егемен құқығын жүзеге асырды. Қазақстанның біртұтас халқының тікелей ерік білдіруімен дүниеге келген бұл тарихи акт республикамызды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, республикамыздың қоғамдық, саяси жүйесі үшін жаңа болып табылатын демократиялық институттарды құрды, тұңғыш рет екі палатадан тұратын, тұрақты негізде жұмыс істейтін қазақстандық парламентаризмнің іргетасын қалады.

ҚР Конституциясына елеулі өзгерістер 21.05.2007 жылы енгізілді. Онда біртіндеп өкілдік сайлау жүйесін енгізу; мемлекет басшысының жекелеген өкілеттіктерін Парламентке беру; Парламент палаталарының қарауына жататын мәселелер шегін өзгерту; премьер-министрді Мәжіліс депутаттарының көпшілік дауысымен бекіту (тағайындауға келісім беру) туралы норманы және Үкімет басшысын тағайындау кезінде Президенттің партиялық фракциялармен консультациялар алысу рәсімін енгізу есебінен Парламент мәртебесін нығайту, жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру жолдарын нақтылау; жергілікті мемлекеттік басқару деңгейінде жергілікті өкілді органның мәртебесін күшейту т.б.

ҚР Конституциясын өзгертен 2011 жылы 2 ақпандағы келесі реформа таза Президент институтына қатысты болды, ашып айтсақ, республика Ата заңына ел Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау мен өткізудің конституциялық негіздерін белгілеуге бағытталған толықтыру енгізілді. 2017 жылғы 10 наурыздағы Конституцияға төртінші рет өзгертулер енгізілді. Бұл конституциялық реформаның негізінде Президент біраз өкілеттіктерін республика Парламентімен бөлісіп, кейбірінен айырылды, ҚР Президентінің өкілеттіктері Парламент пен Үкіметтің жауапкершілігін күшейту жағына қарай өзгертілді.

Конституция – мемлекеттің діңгегі, елдіктің алтын қазығы. Ата заң – егемендік символдарының бірі. Қасиетті заңымыздың дамып жетілуімен бірге егеменді еліміздің жаңа тарихы жазылып жатыр. Мемлекет басшысы жариялаған саяси реформа аясында былтыр республикалық референдум өтіп, халық өз таңдауын жасады. Конституциялық реформа – ел өміріндегі жаңа сапалық кезең, өзгерістер бастауы.

Алуа ИБРАЕВА,
з.ғ.д., профессор, Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және өкілшілік құқық кафедрасының меңгерушісі

Каждая страна закрепляет в своем основном законе – Конституции – главные идеи на основе которого развивается общество, признаются и обеспечиваются права человека, определяются перспективы развития общества и государства в целом. Отметим, что Конституция есть основа, фундамент всего национального законодательства. Конституция есть главный правовой документ, скрепляющий, организующий всю правовую систему, фиксирующий общие контуры государственной системы, порядок ее функционирования, определяющий горизонты и приоритеты правовой политики. Большинство государств имеют свои писанные конституции. Для каждой страны день принятия Конституции есть особый праздник.

венной природы самого человека. Не менее важны права на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, защиту чести и достоинства (ст.18), неприкосновенность жилища (ст.25).

Частная жизнь – это сфера жизнедеятельности человека, которая не должна подлежать контролю со стороны государства. Таким образом, к гражданским правам относится весь комплекс прав, обеспечивающих личную безопас-

социальных свойств личности. Принцип равенства всех перед законом гарантирует равные права и обязанности для субъектов, относящихся к одной категории, и не исключает возможность установления различных норм в отношении лиц, принадлежащих к другим категориям. Поэтому конституционный принцип равенства не может считаться нарушенным, когда различия между теми или иными категориями лиц являются достаточными

ранять достоинство и здоровье личности; представлять бесплатное среднее образование в государственных учебных заведениях; охранять труд и устанавливать минимальный размер оплаты труда; обязанность гарантировать выплату минимального размера пенсии, обеспечивать социальное обеспечение по возрасту, в случае болезни, инвалидности, потери кормильца и по иным законным основаниям; охранять окружающую среду.

В заключение хотелось бы особо подчеркнуть, что в нашей Конституции есть нормы, которые не будут подвергаться изменениям, так как эти положения полностью отвечают интересам общества в целом. В Конституции ясно и четко закреплено, что единственным источником власти является народ. Также отметим нормы, касающиеся стремления государства к прогрессивному развитию, положения о миролюбивом характере нашего государства, положения о межнациональном согласии и межконфессиональных отношений, нормы относительно прав человека и др. Все эти идеи получили отражение в преамбуле Конституции.

Вместе с тем возможны изменения и дополнения норм, касающихся формирования и деятельности высших органов власти и управления. Президент РК К. Токаев предложил новую модель государственного управления. Основу данной модели составляют новые подходы к государственному управлению, кадровой политике, системе принятия решений и ответственности за их выполнение. Взят курс на строительство «Слышащего государства». Государство должно вести постоянный диалог с обществом. При этом само общество должно быть активным, инициативным, самостоятельным. Президент РК подчеркнул, что на фоне «геополитического шторма» Казахстану нужно твердо придерживаться политического курса, нацеленного на защиту суверенитета, территориальной целостности государства и обеспечение коренных интересов народа.

В настоящее время во всем мире происходят кардинальные изменения. Это связано с новыми вызовами и новыми угрозами для всей цивилизации, для каждого государства и каждого человека. На первое место выходят проблемы обеспечения и защиты прав человека, защиты всей системы общественных отношений и системы государства в целом. Конституция является основой для создания системы устойчивого развития Казахстана и защиты прав человека и гражданина.

Даулет БАЙДЕЛЬДИНОВ,
д.ю.н., профессор, декан
юридического факультета

Алуа ИБРАЕВА,
д.ю.н., профессор,
завкафедрой теории и истории государства и права,
административного права

Конституция – правовая основа развития нового Казахстана

В нашей стране день принятия Конституции – 30 августа – отмечается как государственный праздник. Конституция не есть застывший акт: меняется время и эти изменения отражаются в конституционных нормах. В действующую Конституцию изменения и дополнения вносились в 1998, 2007, 2011, 2017, 2019, 2022 годах. В настоящее время Конституция РК состоит из 9 разделов и 99 статей.

В ст. 2 Конституции РК закреплено, что наша страна является унитарным государством с президентской формой правления. Суверенитет Республики распространяется на всю ее территорию. Государство обеспечивает целостность, неприкосновенность и неотчуждаемость своей территории. В Конституции обозначено особое место главы государства в системе разделения власти. Президент стоит над всеми ветвями власти (ст. 40 Конституции РК). Президент избирается гражданами на семь лет. Одно и то же лицо не может быть избрано Президентом Республики более одного раза. Законодательные функции выполняет Парламент, который состоит из двух Палат – Сената и Мажилиса, действующих на постоянной основе. Правительство осуществляет исполнительную власть, возглавляет систему исполнительных органов и осуществляет руководство их деятельностью.

Судебная власть в Казахстане осуществляется судами от имени Республики Казахстан. В судебную систему входят Верховный Суд Республики, местные и другие суды Республики, учреждаемые законом. Запрещается учреждение специальных и чрезвычайных судов под каким-либо названием. Особое место занимает Конституционный Суд. Данный орган не входит в судебную систему, является специальным институтом конституционного контроля. Цель Конституционного Суда – обеспечивать верховенство Конституции на всей территории РК. Данный орган осуществляет контроль за конституционностью всех законов и подзаконных актов в РК.

Государственным языком в

стране признан казахский. В государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык. Данная конституционная норма означает, что в государственных организациях и органах местного самоуправления казахский и русский языки употребляются в равной степени, одинаково, независимо от каких-либо обстоятельств.

В настоящее время территория Казахстана состоит из 17 областей и 3 городов республиканского значения. Высшая юридическая сила Конституции РК означает, что как конституционные, так и обычные законы, иные нормативные правовые акты не должны противоречить Конституции, что органы государственной власти всех уровней, должностные лица, органы местного самоуправления, граждане, их объединения обязаны соблюдать Конституцию.

Нормы Конституции применяются прямо или непосредственно в случаях, если отсутствуют специальные нормы, регулирующие общественные отношения, подлежащие регламентации; если нет необходимости в принятии специальных норм для регулирования общественных отношений; если имеющиеся нормы противоречат нормам Конституции.

В Конституции Республики Казахстан закрепляется широкий перечень гражданских прав. Данные права в иерархии прав человека являются основными, так как они обеспечивают автономию личности, ограждают её индивидуальные интересы, они направлены на обеспечение свободы человека в сфере личной жизни, его юридическую защищенность от какого-либо вмешательства извне. Среди гражданских прав, безусловно, самым важным является право на жизнь, которое является первоосновой всех других прав. Оно получает закрепление в ст.15 Конституции РК. К гражданским правам относятся такие права, как право на личную свободу и на неприкосновенность (ст. 16). Личная свобода – это неотъемлемое и абсолютное право человека, возникающее в силу естест-



ность и неприкосновенность человека. Однако ключ к пониманию сути гражданских прав заключается в способе осуществления специальных процедур для того, чтобы сделать права человека реальными. В связи с этим в Конституции РК предусматриваются конституционные гарантии естественных неотчуждаемых прав человека.

Главное право человека – это право на жизнь. Никто не вправе произвольно лишать человека жизни. Смертная казнь запрещается. Ст.17 Конституции РК устанавливает, что достоинство человека неприкосновенно, что никто не должен подвергаться пыткам, насилию, другому жестокому или унижающему человеческое достоинство обращению или наказанию. Данное право очень важно, так как даже если лицо нарушило закон, оно не должно становиться вне закона. То есть даже если имеются все основания для ограничения права на личную свободу, ограничения их прав должны быть установлены законом.

В ст.14 Конституции РК устанавливается равенство всех перед законом и судом. Это значит, что, несмотря на какие различия (гражданство, национальность, пол, место жительства, материальное положение и др.) все индивиды обладают одинаковой правоспособностью, возможностью приобрести те или иные права на соответствующие блага и обязанности. В этом выражается демократичная сущность закона и суда.

Принцип равенства означает равенство возможностей независимо от естественных и

для того, чтобы предусмотреть для них различное правовое регулирование.

В Конституции Республики Казахстан также получили закрепление политические права граждан. Политические права граждан выражают возможности индивида на участие в политической жизни страны и осуществление государственной власти, поэтому они не менее важны для демократичности правового статуса личности. К политическим правам относятся свобода слова и творчества, запрет на цензуру. Свобода мысли означает, что человек может иметь собственные представления и убеждения. Свобода выражения мысли и мнений или свобода слова является основой основ цивилизованного общества, оценочным критерием демократичности политического режима.

П.3 ст.20 устанавливает запрет на пропаганду или агитацию насильственного изменения конституционного строя, нарушения целостности Республики, подрыва безопасности государства, войны, социального, расового, национального, религиозного, сословного и родового превосходства, а также культуры жестокости и насилия. Установление подобного ограничения пользования правом на свободу слова очень важно.

Укажем также обязанности государства перед гражданами. Это обязанность государства соблюдать и защищать права человека; охранять общественный порядок; бороться с преступностью; создавать условия для реализации гражданами их прав и свобод; ох-

ҚазҰУ студенті – халықаралық байқау жеңімпазы

ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультетінің 3-курс студенті **Аида Бегайдарова** Қытай Халық Республикасының Шеньжень қаласында өткен **Huawei Global Final ICT Competition 2022-2023** халықаралық байқауында **жүлделі I орын иегері атанды. Байқауға 74 мемлекет пен аймақтардың 2000-нан астам университеті мен колледжінен келген 120 мың студент қатысты. Осыған орай, Аида Бегайдаровамен байқау жайында әңгімелескен едік.**



– Huawei ICT Competition ақпараттық-коммуникациялық технологиялар байқауының шарттары қандай болды? Байқауға қалай қатыстыңыз?

– Алғаш рет осы жарыс туралы ақпараттық технологиялар факультетінің Жасанды интеллект және Big Data кафедрасының меңгерушісі Мәдина Мансұрова мен кафедраның аға оқытушысы Мейрамгүл Ахметжанқызынан білдім. Оқытушылар бізге жарыс туралы толық ақпарат беріп, қатысу шарттарын түсіндірді. Сөйтіп, студенттердің қызығушылығын оятты. Әр студентпен жеке түсіндіру жұмысын өткізіп, жарысқа дайындығымызды қадағалап жүрді. Жарысқа қатысу үшін алдымен Huawei Talent сайтына тіркеліп, Datacom, Security, WLAN, Network Automation бағыттары бойынша курстарды оқып шығу керек.

– Байқау барысында қандай да бір қиындықтар кездесті ме?

– Жарыста берілген тапсырмалар өте ауқымды және күрделі болды. Сегіз сағаттың ішінде орындап үлгермейміз деген қобалжу болды. Бірақ ойымызды жинақтап, білімімізді іс жүзінде қолдануға тырыстық.

– Жарыс неше кезеңнен тұрды?

– Төрт кезеңді қамтыды. Бірінші кезең Preliminary stage деп аталды. Қатысушылар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында таңдалған бағыт бойынша онлайн-тестілеу түрінде алдын ала іріктеуден өтті (Preliminary Exam). Үш бағыт бойынша таңдау берілді: Network Track, Computing Track және Cloud Track. Өту ұпайын жинаған қатысушылар келесі кезеңге өтті. Екінші кезең – National final. Бұл кезеңде Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқитын қатысушылар жоғары білім мен дағдыларды игеруді талап ететін теориялық тест тапсырмаларын орындады. Huawei ICT Competition 2022-2023 ұлттық финалында жүлделі орындарға ие болған студенттер бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ұлттық финалда ең жоғары балл жинаған ТОП-3 студент Қазақстан құрамасына іріктелді. Үшінші кезең – Regional final. 2022 жылғы 20 желтоқсанда Оман мем-

лекетінде өткен аймақтық финалда Middle east аймағындағы 11 мемлекеттің 15 командасы арасында Қазақстан құрамасы атынан қатысып, III орынға ие болдық. Әлемнің әр аймағынан жоғары нәтиже көрсеткен командалар келесі және соңғы кезеңге өтті. Осылайша біз Huawei ICT Competition 2022-2023 Global final кезеңіне жолдама алдық. Төртінші кезең – Global final.

Huawei ICT Competition 2022-2023 ақпараттық-коммуникациялық технологиялар байқауына 74 ел мен аймақтағы 2000-нан астам университеттер мен колледждерден 120 мың студент қатысты. Қазақстан құрамасы әлемдік финалда жүлделі I орынға ие болды.

– Байқауда озық шығу үшін ешкім ұсынбаған жобаны алға тартқаныңыз мәлім. Ол қандай жоба еді?

– Біз жұмысты орындауға бөлінген сегіз сағат ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында DATACOM, WLAN және SECURITY бағыттарында практикалық тапсырмаларды орындадық.

– 74 елдің арасынан бірінші орын иелену – ерекше көрсеткіш. Оған қалай қол жетті?

– Біз жарысқа дайындалу үшін терең теориялық және практикалық дайындықтан өттік, демалыс, мейрамдарға қарамай көп еңбектендік. Бірнеше айдың ішінде біртұтас команда ретінде бірігіп жұмыс істеуді үйрендік. Бұл жарыста жеңуге білімге деген құштарлық, ерік күші, еңбекқорлық және командада жұмыс істей білу қабілеттеріміз көмек берді.

– Халықаралық байқауға қатысудың қандай пайдасы бар?

– Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында терең білім меңгеруге, сондай-ақ практикалық тәжірибе алу IT саласында жоғары білікті, өз ісін жетік білетін мамандарды даярлауға ықпал етеді. Сонымен қатар студенттерге жұмысқа орналасуға көптеген мүмкіндікке жол ашып, IT саласын одан әрі дамытуға құштарлықты арттырады.

– Жүлдегерлерді құттықтау рәсімінде қандай сезімде болдыңыз?

– Бірінші орын алғанымызды естіген сәттегі сезімді естен шығару мүмкін емес. Қаншама мемлекеттің ішінде Қазақстанның аты аталған кезде көзімізден еріксіз жас шығып кетті. Еңбегіміздің ақталғанына қатты қуандық. Жеңіске жетуімізге атсалысқан ұйымдастырушыларға, оқытушылар мен инструкторларға алғысымыз шексіз.

Бағдат СҰЛТАН

Қазақстанның халық жазушысы, журналист **Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар»** кітабы қолдан-қолға тимей оқылатын шығарма. Әлі күнге жастар арасында шын махаббаттың, риясыз көңілдің символы ретінде танылған бұл туынды өткен ғасырдың 70-жылдары жазылғанымен, өзектілігін сақтаған. Қыздар қауымы жігіттердің бойынан Ерболдың асыл қасиеттерін іздесе, жігіттер Меңтайдың ұяңдығы мен тәрбиелілігін қыздардың болмысынан іздері анық.

Қаида сол – махаббат, қызық мол жылдар?

Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында сахналанған режиссер Фархад Молдағалидың «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымына барып, көңілім толмай қайттым.

Біріншіден, соғыстан жұпыны шинельмен оралған Ерболға неге тойдан келген жігіттің киімін кигізіп қойған? Ерболды соғыстан келіп, оқуға тапсырған жігітке мүлдем ұқсата алмадым. Тойға бара жатып, жолай институттың аудиториясына шатасып кіріп кеткен жігітке ұқсаңқырады...

Екіншіден, аудиториядағы қыздардың айқайлап, селтендеп партаның үстінде билеуі тым ерсі емес пе? Мейнеше, бұл әсірелеу. Мәселе – билегенде емес, тек тентек лақ тәрізді партаның үстінде құлақты жарардай шыңғырып билеуі бұрыс болды. Көріп отырған көрерменге кері әсер ететін сияқты. Үшіншіден, неге Ербол тым ұяң? Неге дәрменсіз? Жас балаға тән аңқаулығы бар. Жігіттік намысты, ер мінезділікті көре алмадым. Иә, шығарманы оқып отырғанның басында-ақ Ерболды қойдай жуас, момын деп ойлаймыз. Бірақ Ербол ұйықтап жатқан жанартау тәрізді, кезі келгенде асып-тасып, жан-жағын жайпап тастайды.

Осыған байланысты Әзілхан Нұршайықовтың таңдамалы шығармаларының I томының 340-бетінде оқырмандарға жауап береді. «Ербол мінезіндегі кейбір жасықтықты қалай ұғуға болады?» Жауап: Ербол – момын ата-анадан туған, халқының, қоғамының бойындағы ең жақсы қасиеттерді бойына сіңірген, Қазан революциясынан бес жыл кейін дүниеге келген азамат. Ербол – социалистік қоғамның 40-жылдары піскен нәрлі жемісі, осы күні жаңа адамдар деп аталатын Қазан төлінің алдыңғы легіндегі күрескер. Сырттай қораш көрінгенімен, Ербол ақылды, адамгершілік қасиеттері бар, көпшіл, қоғамшыл, досшыл, сабырлы жігіт. Өңгіме адамгершілік пен арға тірелгенде ол екіншісі бірі бара алмайтын кесек қимылдарға барады, жан-жағын жалмауыздай жайпап келе жатқан жау танкісімен жекпе-жекке шығып айқасады, жолдастарына қауіп төнгенде жыландай ысқырып жарылайын деп жатқан снарядты құшақтап алып, шұңқырға лақтырады; досының қызы Тананың абыройын төкпеу үшін онымен үш күн бірге болғанда тастай боп қатып қалады; езі жақсы көре тұра, Меңтайдың басқаға берген сертін бұздырмайды; езі жалаңаш-жалпы жүріп, кестемге жинаған ақшасын Заманды іздеп бара жатқан Танаға жол қаражат етіп береді. Оқырмандар оның бойындағы осы қасиеттерді дұрыс түсініп, бағалаған. Түсіне тұра, кейбір оқырмандардың Ербол мінезіндегі екі жасықтыққа зығырданы қайнайды. Мектеп ішінде Бүркітбай Сәліманы ұрғанда, Ербол неге Бүркітбайды сақалынан алып, жағасын жыртпады? Неге ол вагонда Ошақбаевты тым болмаса шапалақпен бір тартып жібермеді деп өкінеді.

Меңтайдың өліміне Ерболдың ынжықтығы кінәлі. Ербол басында сертін



бұздырып, Меңтайға үйленіп алса, онда мұндай аянышты оқиға орын алмайтын, болмайтын еді. Ербол өз аузынан мынадай тұжырым айтады: «Ананың емшек сүті, мектеп тағылымы, әскер тәрбиесі бірін-бірі толықтыра түседі; осы үш тәрбиені бойына сіңірген адам асыл азамат болады». Сондықтан да ол Меңтайдың әлдекімге берген сертін бұздырмайды. Өйткені ант бұзу – ана тәрбиесінде де, армия дәстүріне де жат іс, сұмдық жайт. Сол себептен де ол сүйген қызын ондай сұмдыққа итермелей алмайды. Сырт қараған кісіге Ербол жасық, жуас көрінген. Оған автор осындай идеялық жүк беріп, адамгершіліктің асыл қасиеттерін әр жүрекке жеткізер елші міндетін жүктеген үміт артқан еді. Ал сахнадағы Ербол қой аузынан шөп алмас аңқау, бауыздап жатса да, дыбыс шығармайтын қой тәрізді көрсетілген. Кітаптағы кейіпкердің ең жуас сәттерін теріп алып, асаулығын тастап кеткен.

Төртіншіден, кітаптағы жазушы сипаттаған Меңтайды сахнадан көре алмадым. Меңтай ұяң еді-ау, XX ғасырдағы қазақ қыздарының эталоны сияқты еді-ау. Анасының тәрбиесін көрген, артық сөйлеуді, көп жыртқыдап күлуді білмейтін Меңтай образы тым әсіреленіп, өз желісінен ауытқып кеткен. Сахнадағы Меңтай мен кітаптағы Меңтай – екі түрлі кейіпкер. Оны ауылдан келген қызға ұқсата алмадым.

Бесіншіден, артқы фонда қойылып тұрған әуендер қойылымға мүлдем келіспейді. Гитараның үні мен орындаушының әуезі құлаққа түрпідей тиеді. Қазақ халқының махаббат жайында қаншама керемет, құлаққа жағымды әуендері бар, соларды неге орындамасқа?! Баянды махаббатқа да, баянсыз махаббатқа да арналған жаңа әуендер жетіп-артылады. Жаңа заманға немесе сол XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы махаббат, ғашықтық тақырыбына арналған қаншама әуезді, әрлі әндер бар еді...

Санжар СЕЙСЕНБАЕВ,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

Министр Баспасөз қызметімен танысты

Соңы. Басы 1-бетте

Министр Саясат Нұрбек алдымен «Qazaq universiteti» газеті басқармасының қызметімен танысты. 2022 жылдың қаңтар айында «Qazaq universiteti» газеті республикалық мәртебеге ие болып, «Қазпошта» каталогына енді. Газетке жазылу үшін Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасау жүйесі іске қосылды. Қазіргі таңда жазылушылар саны артып, басылым еліміздің әр өңіріне тарала бастады. Газеттің дизайны түбегейлі өзгерті-



Министрге Ақпарат және мониторинг секторы атқарған жұмыстар да баяндалды. Аталған сектор университетте өтіп жатқан маңызды шаралар бойынша күнделікті баспасөз хабарламасын таратып, жарияланған ақпараттарға мониторинг жасап, сараптама әзірлейді. Сонымен қатар «Farabi.University» сайты басқармасында оқу орнының заманауи үлгіде жасалған жаңа сайты да таныстырылды. Бүгінде әлеуметтік желілердегі ресми парақшалардың ди-

ліп, «Көшбасшылық дәріс», «Кемел», «Инновация», «Білім интеграциясы», «Менің университетім», «Студенттер айнасы» сияқты түрлі жаңа айдарлар ашылды.

Министр одан кейін «Farabi Media» телестудия басқармасының жұмысымен танысты. Студия телевизиялық бағдарламалар мен деректі фильмдерді түсіруге арналған. Қазіргі сәтте «Farabi Media» ютуб арнасы арқылы тарату үшін «Ойталқы», «ҚазҰУ-дың инновациялық жобалары», «Апта-



ның айшықты оқиғалары», «ҚазҰУ ғалымдарының дәрістері», «Талапкер», «Под-

каст» және т.б. телебағдарламалар түсіріліп, көпшілік назарына ұсынылуда.

зайны ауысып, оқырмандар санын арттыруға күш салынауда.

Биыл Журналистер күні қарсаңында 3 қызметкер «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Саясат Нұрбек министрліктің Баспасөз қызметімен тығыз қарым-қатынаста бірлесіп жұмыс атқарып отырған ҚазҰУ-дың Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметіне оң баға беріп, шығармашылық ұжымға табыстар тіледі.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ



«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИ БАСЫЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА
ОРАЙ, СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің «Qazaq universiteti» газеті. Мекенжайы: Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 71. Ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
- 1.2. Конкурса еліміздің барлық ЖОО студенттері қатыса алады.
- 1.3. Үміткерлердің материалдары конкурс жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 қазанына дейін қабылданады.
- 1.4. Конкурса келіп түскен материалдарды «Qazaq universiteti» газеті жанынан құрылған өділқазылар алқасы (конкурс комиссиясы) бағалайды.

2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТЫ

- 2.1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Бәрекеті қоғам» жолдауында белгіленген бастамаларға сәйкес, үміткерлер өз мақалаларында патриотизм, Отанға сүйіспеншілік, білімге құштарлық, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі тақырыбын қамтуы тиіс. Мұндағы мақсат – жастарды еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға тәрбиелеу, халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеуге бағыттау, еңбекқорлыққа баулу, студенттердің интеллектуалдық әлеуетін арттыру.
- 2.2. Конкурса арналған материалдар Times New Roman 14 шрифтпен 1 интервалында жазылып, көлемі 1,5 беттен аспауға тиіс. Сапалы суреттерін қоса жіберуге болады. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.
- 2.3. Конкурса арналған материалдар kaznugazeta@gmail.com электронды поштасына «Qazaq universiteti» газеті жүлдесі үшін конкурса» деген айдармен жіберілуі қажет.

3. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- 3.1. Конкурс комиссиясының қорытындысы қазан айында шығарылып, жеңімпаздар «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған салтанатты шарада марапатталады.
- 3.2. Конкурс комиссиясының шешіміне сәйкес, үздік деп таңылған материалдардың авторларына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан арнайы диплом мен жүделер тапсырылады.
- 3.3. Марапаттау рәсімі өтетін уақыт пен орын қосымша хабарланады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universiteti» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.